

сот және басқа құқылы органдардың үкімдері, шешімдері мен айқындамалары негізінде төленетін сомалар, құқылық көмек үшін ақы; азаматтардың айлықақыдан, зейнетақыдан, жиған-тергенінен ақшалай қаржы аударуы ;

зейнетақыларды, алименттерді, мемлекеттік жәрдемақыларды, қосымша ақылар мен өтем жасауларды аудару ;

мұрагерлік сомаларды және мұрагерлік мүлікті сатудан алынған сомаларды аудару; авторлық қаламақыны төлеу және авторлық құқық жөніндегі төлемдер; мемлекетаралық келісімдер бойынша кәсіпорындарда, мекемелерде жұмыс істеу, оқу орындарында оқу үшін келген Тараптардың азаматтарына төленетін айлықақы, стипендия, тәуліктік және басқа ақшалай төлемдер;

Тараптардың біреуінің азаматтарын екінші Тараптың оқу орындарында оқыту үшін ақы ;

Тараптың біреуінің азаматтарын екінші Тараптың емдеу орындарында емдеу, қажетті медициналық жәрдем көрсетілгені үшін төлемдер; адамдардың өліміне байланысты төлемдер бойынша Тараптар ақшалай қаржыны еркін аударуын қамтамасыз етеді.

Тараптар осы бапта көрсетілген саудадан тыс операциялардың тізбесіне өзгерістер мен дәлдей түсулер енгізуге Тараптардың қаржы министрліктеріне өкілеттік береді.

2-бап

Саудадан тыс операциялар бойынша төлемдер төлеуші елдің ұлттық валютасымен жүзеге асырылады, саудадан тыс операциялар бойынша ақшалай аударымдарды төлеу алушы елдің ұлттық валютасымен жүзеге асырылады. Саудадан тыс операциялар бойынша төлемдер Қазақстан Республикасы Ұлттық банкісінің Өзбекстан Республикасының Орталық банкісіндегі және Өзбекстан Республикасы Орталық банкісінің Қазақстан Республикасының Ұлттық банкісіндегі корреспонденттік шоттары арқылы жүзеге асырылады .

Валюталар курсының арақатысы төлем жасалатын күнге анықталады.

Саудадан тыс төлемдерді жүзеге асыру Қазақстан Республикасының Ұлттық банкісі мен Өзбекстан Республикасының Орталық банкісі анықтайтын тәртіп бойынша жүргізіледі.

3-бап

Тараптардың министрліктері мен ведомстволары саудадан тыс операциялар бойынша өзара есеп айырысуды жүргізу туралы екіжақты келісімдер жасасады, келісімдер Тараптардың қарсы министрліктерімен, Ұлттық және Орталық банкілерімен келісіледі.

4-бап

Жеке адамдар мен заңды ұйымдарға осы Келісімнің 1-бабында анықтаған саудадан тыс төлемдер бойынша ақшалай қаржыларды аудару мөлшері Тараптардың заңдарына сәйкес шектелуі мүмкін.

5-бап

Тараптардың өзара келісуі бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін. Олар жеке хаттамамен ресімделеді. Аталған хаттама осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

6-бап

Осы Келісімді орындау мен түсіндіруге байланысты даулы мәселелердің бәрі келіссөз жолымен шешілетін болады.

7-бап

Осы Келісім қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім Тараптардың біреуі оны тоқтатқысы келетіні туралы екінші Тарапты дипломатиялық арналар арқылы жазбаша түрде хабардар еткенше қолданылады. Осы Келісімге қатысудан бас тарту туралы хабар алынғаннан кейін үш ай өткен соң Келісім күшін жояды.

Алматы қаласында 1993 жылғы 29 шілдеде түпнұсқалы екі дана етіп, әрқайсысы қазақ, өзбек және орыс тілдерінде жасалған, әрі барлық текстің де күші бірдей.

(Қолдары)